



Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы («Қоғам») 2024 жылғы 30 мамырда өткізілген акционерлердің жылдық жалпы жиналысының нәтижесі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы хабарлайды.

Қоғамның 2024 жылғы ақпанда IPO өткізілгенге дейін жарияланған Қоғам проспектіне көзделген жоспарға сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, BAE Systems (Қазақстан) Лимитед акционерінің өкілі - Майлз Сент Джон Весткотт мырза (Myles St John Westcott) 2024 жылдың 30 мамырынан бастап Қоғамның Директорлар кеңесі құрамынан шықты. Сонымен бірге, Дияс Асанов 2024 жылдың 31 мамырынан бастап тәуелсіз директор болып тағайындалды.

Соңғы үш жыл ішінде Асанов мырза сандық өнеркәсіп (Digital Industries) және зияткерлік инфрақұрылым (Smart Infrastructure) бағыттарына ерекше көңіл бөле отырып, Қазақстандағы Siemens өңірлік компаниясының бас директоры қызметін атқаруда. Бұған дейін ол Siemens Energy компаниясының Ресей, Шығыс Еуропа және Орталық Азиядағы бас заң кеңесшісі қызметін атқарған. Асанов мырза Вест-Пойнттегі АҚШ Әскери академиясында халықаралық қатынастар ғылымдарының бакалавры дәрежесін және Қазақстанның М.С.Нарықбаев атындағы ҚазМЗУ университетінде халықаралық құқық бакалавры дәрежесін алған.

Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістерге түсініктеме бере отырып, Нұрлан Жақыпов мырза: *«Біз Асанов мырзаны Директорлар кеңесінде қарсы алғанымызға қуаныштымыз. Оның электротехника, көлік және коммуникация саласындағы мол тәжірибесі Компанияның дамуының келесі кезеңіне, әсіресе біздің одан әрі цифрландыру жөніндегі жоспарларымызға ықпал етеді.*

Әуе компанияның Директорлар кеңесінің, басшылығы мен қызметкерлерінің атынан Уэсткотт мырзаға Топтың соңғы алты жылдағы Весткотт мырзаның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Компанияның дамуына қосқан үлесі өте баға жетпес».табысына қосқан зор қолдауы мен үлесі үшін алғыс айтамын. Уэсткотт мырза Директорлар кеңесінің аса құнды мүшесі болды».

Әуе компаниясының Директорлар кеңесі, басшылығы және қызметкерлерінің атынан Весткотт мырзаға Топтың соңғы алты жыл ішінде табысқа жетуіне зор қолдау көрсеткені және қосқан үлесі үшін алғыс айтамын. Весткотт мырзаның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Компанияның дамуына қосқан үлесі өте баға жетпес».

Директорлар кеңесінің әрекеттегі жаңартылған құрамы мынадай:

1. Нұрлан Жақыпов - Директорлар кеңесінің төрағасы («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ);
2. Айдар Рысқұлов - Директорлар кеңесіне мүшесі («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ);
3. Саймон Вуд - Директорлар кеңесіне мүшесі (BAE Systems);
4. Питер Фостер - Директорлар кеңесіне мүшесі («Эйр Астана» АҚ бас атқарушы директоры);
5. Елдар Әбдіразақов - Тәуелсіз директор;
6. Джанет Хэкман - Тәуелсіз директор;
7. Гарри Кингшот - Тәуелсіз директор;

8. Кит Гэбел - Тәуелсіз директор;
9. Дияс Асанов - Тәуелсіз директор

Қосымша ақпарат алу үшін ir.airastana.com сайтына кіріңіз немесе мына телефондарға хабарласыңыз:

Air Astana

Ирина Мартинез
Инвесторлармен байланыстар
жөніндегі басшы
+7 727 258 41 36 (1682)

investor.relations@airastana.com

Air Astana

Белла Тормышева
Корпоративтік
коммуникациялар жөніндегі
вице-президент
+7 727 258 41 35

media@airastana.com

Instinctif Partners

Joe Quinlan
Vivian Lai
+44 20 7457 2020

airastana@instinctif.com

Қоғам туралы

Air Astana Тобы кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. Air Astana тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 51 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Air Astana Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он бір рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. FlyArystan сондай-ақ алғаш рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды және бүкіл әлем бойынша Skytrax төрт жұлдызды он екі әуекомпаниясының бірі болып табылады. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).